



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Түн қараңғылығындағы ойын





Мақсаты: Тони Моррисонның, Уилла Кэсердің «Сапфира мен күң» романын сыни талдауымен танысу; автордың көркемдік идеясын жүзеге асыруда сәтсіздікке ұшырау себебін анықтау.
Тірек сөздер: әдебиет, сын, дәстүр, афроамерикандықтар, құлдық, билік, қашқын.

Афроамерикалықтар жоқ Америка әдебиеті

Тони Моррисон аталмыш зерттеуінде Америка Құрама Штаттарындағы африкандықтар мен афроамерикандықтардың төрт ғасыр бойында не елдің саяси жүйесінде, не Ата заңында, не мәдени тарихында ескерусіз келгенін алға тартады. Америка әдебиеті «ақтардың» «беделді күштер мен құндылықтардың» әдебиеті деп санайтындар да бар. Соның ықпалынан болса керек, әдебиетшілер арасында Құрама штаттардағы қара нәсілділердің бұл әдебиетке ешқандай қатысы жоқ деген тәрізді жымысқы келісім бар секілді. Сол себепті автор «қара нәсілділердің» әдебиеттегі көрінісі АҚШ ұлттық әдебиетін терең түсінуге септігін тигізеді, сол себепті оны назардан тыс қалдыруға болмайды деп есептейді.

Тони Моррисон «америкалық африканизм» ұғымына арнайы зерттеу жүргізеді. Ол ең әуелі Америка Құрама Штаттарында «ақ емес, африкандық тұлға» деген түсініктің қалай қалыптасқанына назар аударады. Бұл түсініктің орнына Моррисон «африканизм» деген терминді қолданып, оны бүкіл африкалық халықтарға қатысты пайдаланады. Ең бастысы, автор африканизмнің әдеби сын тарапынан қалайша шеттетілгендігін түсінгісі келеді. Әдебиеттегі африканизмді елемей арқылы сол әдебиеттің қаншалықты кедейленетіні басы ашық мәселе ғой. Сын, білімнің бір формасы ретінде әдебиеттің өнер мен идеология әлеміндегі құдіретін паш ету мүмкіндігіне ие. Ал сын өз міндетін адал атқармаса адамзат мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылатын әдеби мәтіндердің күрделі де бейнетті тағдыры ескерусіз қалады. Бұл көркемөнерге жасалған үлкен қиянат.

Сынның үнсіздігі

Сынның үнсіздігінің басты себебі – нәсілшілдік мәселесіне қатысты үнсіздікпен тікелей байланысты. Бұл үнсіздіктің тарихы тереңде. Ал жалпы Нәсілшілдік – адамдар арасында айырмашылық, өзін кемшін көру не артық санаудың орын алатындығын мойындау.

Нәсілшілдіктің адам айтқысыз салдарларын әшкерелеуге көптеген жылдар, орасан күш қайрат жұмсалды. Нәсілшілдікті әлеуметтік қондырғылардың ажырамас және өзгермейтін бөлігі деп тануды жоққа шығаруға қатысты көптеген зерттеулер жасалды. Осындай талдаулардың арқасында бүгінде нәсілдік дискурсінде айтарлықтай іргелілеу бар.

Тони Моррисонның ойынша, «қара нәсілділер» тақырыбынан бұрын нәсілшілдік иерархиясының ықпалын, нәсілдік шектеуді, нәсілшілдік бұйығылықты, нәсілдік әлсіздік туралы мәселені қарастыру керек. Кешегі еркінен айрылған шерлі жандардың санасын тану өте құнды бастама. Маңыздылығы бұдан да кем емес бір жайт бар. Ол өздерін өзгеден үстем қоятындардың санасындағы нәсілшілдік идеологиясының ықпалы.

Әлеуметтанушылар, тарихшылар, антропологтар, психиатрлар мен әдебиетті салыстыра зерттеушілер осы мәселені зерттеуге үлкен талпыныс жасауда. Әдебиетшілер нәсілшілдікті ұлттық әдебиеттерді салыстыра зерттеу контекстінде қарай бастады. Соған байланысты әлемде тұрақты африкандық популяция мәселесіне деген қызығушылық та артты.

Америка Құрама Штаттарының ең танымал әдебиетшілері, тіпті, қарапайым оқырмандары да афроамерикан мәтіндерін өмірінде бір рет те оқып көрмеген әрі мұны өздері мақтан тұтады. Бұл мәселе олардың қоғамдағы күнделікті іс-әрекетіне ешқандай әсер етпеген секілді көрінеді. Тони Моррисонның ойынша, олар афроамерикан әдебиетін мүлдем білмесе де, ары қарай өздерін өркениетті санап жүре бермек. Америка әдебиетінің көрнекті өкілдері афроамерикалық әдеби мәтіндерден бейхабар болғанын мақтан тұтатыны – таңданарлық жайт. Ең қызығы – олардың «қарадан» бас тартуы, олардың интеллектуалды өміріне пәлендей әсер етпейді.

Жалпы, жазушылар – интеллектуалды еркін әрі сезімтал туындыгерлер. Жазушылардың



көз көрмеген дүниелерді көріп тұрғандай сипаттауы, бұрыннан танымал құбылыстарды түсініксіз әрі тылсым тілмен жеткізу қабілеті – олардың шығармашылық «қуатының» дәлелі. Жазушылар пайдаланатын тіл және сол тіл арқылы жеткізетін әлеуметтік-тарихи контекст – шығармашылық қуаттың көрінісі. Сондықтан да Тони Моррисон америка әдебиетшілерінің еңбектерінде «африканизм» барынша насихатталуы қажет деп санайды.

Тони Моррисон қара нәсілді адамдар ақ нәсілді американ жазушыларының шығармашылық қиялында ешбір мәнге ие емес екендігін алға тартады. Оларға кейіпкерлер жүйесінде мүлде орын жоқ. Қара нәсілділер шығармаларда тек юмор немесе пафосты сипаттау барысындағы көмекші құрал ретінде ғана қолданылған.

Уақыт өте келе, Тони Моррисон мәселеген «оқырманның» көзімен емес, жазушының көзімен қарай бастайды. Сонда ғана ол әдебиеттің нәсілшілдік идеологияның қолшоқпарына айналғанын көрді. Көрді де, бұған немқұрайлылық танытуға болмайды деп шешті.

Алғашында Тони Моррисон африкалықтар мен олардың ұрпақтары туралы ақпараттардың ешбір мәні болмаған, сондықтан олар әдебиетте тек декорация ретінде қолданылған болар деп түсінген. Жоқ, мәселе тек онда емес екен. Мәселе автордың қара нәсілді еместігіне байланысты екен, яғни оның туындыларында африкандық кейіпкерлердің көрінуі – ақтар әлемдегі «қияли фон» іспеттес қана екен. Ешбір америкалық көркем мәтін қара нәсілді адамдарға арнап жазылмаған. Айталық, «Том ағайдың үйшігі» шығармасы – Том ағайдың оқуына арнап жазылған.

Уилла Кэсер романының құлдырауы – америка әдебиетінің құлдырауы

Мысал ретінде Тони Моррисон Уилла Кэсердің «Сапфира және күң» романын (1940) алып қарайды. Бұл туынды сыни ымырашылдықтың нәтижесінде америка әдебиетінен ысырылып тасталды. Моррисонның ойынша, романдағы басты мәселе – автор ақиқаттылық пен көркемдік қиял арасындағы қатынасты айқындауға тырысады, яғни ақ нәсілді құл иеленуші әйелдің күндеріне билік жүргізуі және құқығы. Ақ нәсілді ханымның оқиғасы елдің тарихының қайғылы дамуымен байланысты нәсілшілдік пен зорлық мәселесінен бөлек пе? Тони Моррисонның айтуынша, бұл роман оқырманды қызықтырмаса да және қуантпаса да, оны аша түсуге көмектеседі. Бұл кітап – тынышсыз (беймаза), «сырғытпа» роман. Мұнда «қара нәсілді» қашқын-әйел туралы ғана емес, басқа да кейіпкерлердің «өз-өзінен» қашуы, тіпті автордың өз туындысынан қашуы сипатталған.

Нәсілшілдік туралы алғашқы белгі романның атауынан-ақ көрінеді («Сапфира және күң»). Егер де Кэсер өз туындысын «Сапфира мен Нэнси» деп (басты кейіпкердің атымен) деп атағанда, романның атауы бірден назарға ілігер еді. Сөйтіп, роман екі нәсілден шыққан екі әйелдің арасындағы айырмашылықты, әйел кейіпкерлер арасындағы қақтығысты суреттер еді. Оның үстіне, Кэсер екі кейіпкердің атын атай отырып, қожайын мен күң арасын теңестіруге тырыспайды. Теңсіздік – романның атауынан-ақ көрінеді: кейіпкер Сапфира (жеке тұлға) мен оның кәнізәгі (мойынсұнушы).

Сапфира Колберт – креслоға таңылған мүгедек әйел. Ол өзінің жеке қажеттіліктері жағынан құлдарына тәуелді. Бірде оның ойы бұзылып, жанындағылардың бәрін күйеуінің қалтқысыз қызмет етіп жүрген күңінің бойжетіп қалған қызы Нэнсиге ғашық екеніне немесе онымен байланысқа түсуді ойлап жүргеніне сендіруге тырысады. Әрине, Сапфираның қателескендігі әу бастан белгілі еді: Нэнси – таза да пәк қыз, ал мистер Колберт – анау айтқандай амбицияшыл емес, қарапайым кісі. Бір орыннан тапжылмай отырған мүгедек жанға кез келген зат еселеніп көрінетіні белгілі. Міне, Сапфира да алғашқыда басына жай ғана келген ойдың шырмауынан шыға алмай, әбден адасты. Ақыры ол өзінің бұзық пиғылды жиені Мартинді шақырып, дастархан жайып, Нэнсидің басын айналдыруды тапсырады. Бұл жоспарға Сапфираның қызы Рэйчел қатысады. Байғұс Рэйчел анасының амбициялық ойларынан әбден таяқ жеп, анасынан алыстап қалған. Рэйчел Нэнсидің солтүстікке қашып кетуіне, сол арқылы әкесі мистер Колберттің көмегімен анасы Сапфираның құлдығынан және айыбынан құтқаруға көмектеседі. Ақ нәсілді кейіпкерлердің барлығын біріктірген дүние – басты кейіпкердің қызы



Рэйчел дифтерия салдарынан қызынан айрылып, басқадан жүкті болуы. Негізгі қара нәсілді кейіпкерлердің бірігуі посткриптум арқылы бейнеленген, яғни көп жыл өткен соң Нэнси қартайып қалған анасын көруге келген кезде ғана қара нәсілділер жолығады.

Т. Моррисонның ойынша, романның авторы Кэсер болашағы жоқ тақырыпты аша алмағаны үшін сәтсіздікке ұшыраған: билік пен нәсілшілдік, ақ нәсілді әйел мен қара нәсілді күң арасындағы теңсіздік күресі.

Бір жағынан алғанда, бұл роман қашқын күңдер туралы классикалық әңгіме секілді. Оқырман қашқын-күңнің тағдыры туралы ештеңе біле алмайды. Себебі романдағы басты назар Нэнсидің қашып кетуіне және оның қашқанға дейінгі ақ нәсілді қожайын-әйелдің қолындағы қиын өміріне аударылған. Одан ары Нэнси қашқын статусында әлдебір беймәлім жерлерде жүріп, оқырман назарынан тыс қалады.

Сапфира тудырған шиеленіс романдағы кейіпкерлерге ешқандай қатысы жоқ, ол өзінің эгоқұлқынын қандыру үшін ойлап тапқан өтірігі. Сапфира не үшін Нэнсиді зорласа, Колберттің оған деген көңілі суып кетеді деп ойлаған екен? Мүмкін, бұл – сақтандыру шарасы болар, себебі Колберт мырза Нэнсидің парасаттылығына елтисе, Сапфираның билігі әлсірер еді. Сондықтан билігін әлсірететін кез келген кедергіні жою – Сапфираның басты мақсаты.

Нэнси – Сапфираның жымысқы жоспарының құрбаны ғана емес, автордың ақ нәсілді әйелдің африкандықтарға көрсететін күші мен қуатын көркемдік тәсілмен суреттеуге негіз болады. Тони Моррисон бұл мәселе әдеп туралы дискуссияға сеп болады деп ойлайды.

Нәсілдік антогонизмнің тұйыққа тірелуі

Уилла Кэсердің романы, Т. Моррисонның ойынша, қатыгез әрі кекшіл қожайын-әйел туралы әңгіме емес, үмітсіздік оқиғасы. Бұл – жеңіске жеткен тәнінің түрмесіне түскен, өмірден әбден түңіліп біткен әйел туралы әңгіме. Бұл – басқалардан тек тәнінің түсіне (ақ) байланысты ғана биік тұрған әйел туралы әңгіме. Сапфира – романдағы тағы да бір қашқын-әйел, ол жауапкершіліктен, өзінің ішкі күйзелісінен, нәзіктігінен, аналық сезімнен, ең соңы – өзінің тәнінен қашуға тырысуда. Ол өзінің қозғалмайтын сал денесінен ойша қашады. Өзінің жауапкершілігін жас та дені сау Нэнсидің мойнына арта салған. Сөйтіп, Т. Моррисон айтқандай, ол аурудан, әсіресе физикалық әлсіздіктен қашуда. Суррогат қара түсті тән – Сапфираның қолдары мен аяқтары болып, өзінің сүйікті жарымен тән жақындығын қиялдай бастайды. Оның бос уақыты мен өзін көрсететін құралдары – міндетті түрде «ақ» түсті болуы керек. Оның Нэнсиге қатысты жоспары дәл осыған қатысты туындаған.

Кэсердің тағы бір қашқыны – романның өзі. Сюжеттің басты идеясы – қауіп төнген күнді құтқару мақсатын көздейді. Автор рухани эквиваленттілік (тепе-теңдік), ақ нәсілділердің еркіндігі мен қара нәсілді әйелдердің езгі көруі туралы ойланады. Бұл тепе-теңдіктер ақ пен қара, ана мен қыз арасындағы қатынасты сипаттауға бағытталған. Кэсер осы арқылы өзі мен анасы арасындағы қарым-қатынасты дұрыстауға тырысқан болса керек!

Кэсердің алдына қойған шығармашылық міндеті, Т. Моррисонның ойынша, қиын. Американдық дәстүрлі «ақ» әдебиетте «қара» бейнесін қалыптастыру туралы бұрын-соңды тәжірибе болмағандықтан да, Кэсердің міндеті қиындаған. Әңгімені ақиқатпен жанастыру үшін автор мықты роман жазуды мақсат тұтқан.

«Сапфира мен күң» романы ақыры мемуарға, автордың өзі және перзенті туралы естелігіне айналады: Нэнсидің оралуы – кейіпкерлердің татуласуы немесе кездесуі. Бір ауыз сөз айтпаған, қалтқысыз еңбек ететін африкандық кейіпкерлер эпизодта суреттелген. Кейіпкерлердің кездесуі – автордың кішкентай сәбиге айналуға талпынысын көрсететін театрландырылған қойылым секілді. Тилл кішкентай Уилла (болашақ автор) табалдырыққа келгенін күтуге келіседі. Сөйтіп, бес жыл өткен соң бір кездері қашып кеткен қызын көру үшін ол бәріне де дайын.

Тек африкандық кейіпкерлермен ғана, Т. Моррисонның айтуынша, осындай тәсілді пайдалануға болады: ананың «ақ нәсілдердің қанағаттануы» үшін туған перзентін көру уақытын шегеру. Құшақтасу сәті аяқталғанда, ақ нәсілді сәби – Уилла «қара нәсілді» ана мен қыздың диалогын толықтыра түседі. Сапфира суррогат қара денелерді өзінің қажеттілігіне қарай пайдаланғаны секілді, автор да оларды махаббат, хаос және әділеттілік үшін пайдаланады.



Алайда барлығы автор ойлағандай болып шықпады: кейде кейіпкерлер автордың талпынысына қарамастан, шығармашылық жауапкершілікке талап қояды. Кэсер африкандық ананы білуге және түсінуге тырысады. Ал африкандық қыз өзіне бар назардың аударылғанын талап етеді. Уилла Кэсердің баласы Тиллдің өткен оқиғалар туралы әңгімесін мұқият тыңдайды.

Романның соңында Кэсер құлдарға аяушылық танытып, құлдықты сынайды. Алайда Кэсер Тиллдің қожайынына адал екенін куәландырады: бұл бір ғана мақсатты көздейді – құлиеленушілердің идеологиясын күшейту.

«Сапфира мен күң» романын аяқтай келе, Тони Моррисон Уилла Кэсердің батылдығына таңғалады. Өзінің соңғы романында ол нәсілдік кемсітушілікпен бетпе-бет келген әйелдің сатқындығы туралы сюжетті ойластырады. Тони Моррисонның қорытындысы бойынша, автор Нэнси секілді қауіпсіздікке қол жеткізбегеніне қарамастан, табысқа жету үшін барынша талпынған.

«Қара нәсілді» кейіпкерді елемейтін кез келген әдебиет өкілінің табысқа жетуі мүмкін бе? Міне, осы сұрақ Тони Моррисонның американ әдебиетінің туындыларына сыни талдау жасауына негізгі себеп болған.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Тони Моррисонның пікірінше XX ғасырдың орта шеніндегі американ әдебиетіндегі шектеудің басты себептері неде?
2. Американ әдебиеті Тони Моррисонның «Түн қараңғылығындағы ойын» лекциялар сериясы жарияланғанға дейін қандай сынға түсуден қорыққан?
3. Тони Моррисон «Сапфира және күң» романының сәтсіздікке ұшырау себебін қалай түсіндіреді?

Әдебиеттер:

1. Morrison Toni. *Playing in the Dark*. – Harvard: Harvard University Press, 1992.
2. Cather Willa. *Sapphira and the Slave Girl*. – New York: Alfred A. Knopf, 1940.